


Тәуелсіздік – ұлт рухының бастауы. Әсіресе, ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толғалы тұрған тұста жас буынға «ақырып теңдік сұраған» бабаларымыздың аңсар-арманын, бостандыққа бастар бұралаң жолдың қасіретті жылнамасын, азаттық жолында жан берген Алаш зиялыларының ақырғы аманатын тарқата түсіндіріп, тереңірек ұғындырудың мәні зор-ақ.



Ел рухын көтеретін еңбек

Ұлт тарихы – ұрпақ мұрасы. Жалпы кешегісін қастерлемеген елдің ертеңінің жарқын болмайтыны да, бүгінгісін бағамдамаған жұрттың болашағына нық сеніммен қарай алмайтыны да баршаға белгілі. Сондықтан да тамыры тереңде жатқан кешегі қазыналы тарихымызды жас ұрпақ жадына сіңіруде тәуелсіздіктің артар міндеті мол. «Өзіңді-өзің тану тәрізді, тарихты танып-білу де – қазіргі даму процесіне аса қажет әрекет» деп Олжас Сүлейменов айтқандай, бүгінгі азат ойлы ұрпақ ұлттың осынау басты құндылығын хал-қадерінше қастерлеп, Тәуелсіздіктің ұлтты сақтау мен өркендетудің түп негізі екенін түйсініп өссе, ұтарымыз аз болмайды. Осы тұрғыдан келгенде күні кеше ғана жарық көрген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» атты мақаласының да көтерер жүгі ауыр, маңызы зор.

Елбасымыздың «Тәуелсіздік тәуменді жұртқа тәуекел береді» деп тәмсілдейтіні де содан болса керек. Өйткені, кейінгі толқынға, зерделі жасқа азаттықтың аспаннан түспегенін, тәуелсіздіктің төтеннен келмегенін, егемендікті ешкім сыйламағанын, оның Алаш баласының маңдайына жазылған бақ екенін барынша әдіптеп ұғындыра білсек, бағытымыздың – айқын, бағдарымыздың – дұрыс, талабымыздың тастүйін болғаны.

Біздіңше Президентіміздің осынау мақаласын «Бағдар мен белес», «Қоғам мен құндылық», «Таным мен тағлым», «Ұлағат пен ұстаным» деген тарауларға бөліп, кеңінен қарастыруы да жайдан-жай емес. Өйткені, өз бағдарынан жаңылмаған жастың бір белесті бағындырары анық. Ал, өткеннен тағлым алып өскен ұрпақтың ғана шын мәнінде қоғамның рухани құндылықтарынан ғана сусындап, танымын кеңейтетіні, ұлтына тұтқа бола алатыны талас тудырмаса керек.

Тәуелсіздік дәуірінде алған асуымыз, шыққан белесіміз, толағай табыстарымыз аз болған жоқ. Кеңестік кезеңде керексіз болған тарихымыздың «ақтаңдақ» тұстары қайта зерделеніп, тасада қалған тұлғаларымыз туған халқымен қайта қауышып та жатыр. Бұл мақсатта күні бүгінге дейін жүзеге асқан жүйелі жұмыстар жетерлік. Мәселен, «Мәдени мұра» бағдарламасының септесуімен бабалар мұрасы ұрпақ игілігіне айналса, «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» секілді тағы басқа ауқымды жобалар

«Мәңгілік ел» болуды мұрат тұтқан мемлекетіміздің даму бағдарын айқындап берді десек, сірә, артық айтқандық болмас.

Ал, осы жетістіктердің баршасына да Елбасымыздың қияндағыны қиядан шалатын көрегендігінің арқасында жеткеніміз анық. Сондықтан да Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырған Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесі қарсаңында ең алдымен ел тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан жазу, оны әлем тілдеріне аударып, ұлттық жадымызды жаңғыртып, ұлттық болмысымызды төрткүл дүниеге таныту басты міндет болуы тиіс. Олай болса, өрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандыруы керек-ақ. Демек, Мемлекет басшысының:

«... Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ, ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек.

Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс» деген ел ертеңіне алаң көңілден туған тұщымды толғамы да отандастар тарапынан толық қолдау табатыны күмен тудырмайды, деп білеміз.

Шынында да тарихымыздың, ақтаңдақ беттері толық зерттеліп біткен жоқ. Демек, осы сала маманы ретінде біз де бұл күрделі мәселеге жауапкершілікпен қарап, Қазақстанның жаңа тарихын жазуға өзіміздің сүбелі үлесімізді қосқанымыз абзал. Ендеше, Мемлекет басшысының бұл мақаласын ел тұрғындарына кеңінен насихаттауға баршамыз да белсене атсалысайық.

**Рахымбек КАМАЛДИНОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың**

**ЖОО-ға дейінгі дайындық орталығының басшысы,
тарих ғылымдарының кандидаты.**